

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 2024 жылғы 29 ақпандағы № 14-14 "Солтүстік Қазақстан облысының Аққайың ауданында тұрғын үй көмегінің мөлшерін және оны көрсетудің тәртібін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы"

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 2025 жылғы 3 желтоқсандағы № 30-2 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 8 желтоқсанда № 37549 болып тіркелді

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 2024 жылғы 29 ақпандағы № 14-14 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7705-15 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен қағидасын айқындау туралы";

көрсетілген шешімнің 1-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"1. Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен қағидасы айқындалсын.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасында:

тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен қағидасы";

3-тараудың тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы";

3-тармақтың екінші абзацы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Тұрғын үй көмегінің мөлшерін көрсетілетін қызметті беруші мынадай нормалар шегінде есептейді:

1) тұтынушылар үшін газбен жабдықтау бойынша коммуналдық қызметті тұтыну нормалары бір адамға он бес текше метрден артық емес;

2) табиғи монополиялар саласындағы қызметті реттейтін өңірлік уәкілетті орган белгілеген нормаларға сәйкес тұтынушы үшін электрмен жабдықтау қызметін тұтыну нормалары;

- 3) тұтынушы үшін сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерінің нормалары: суық су бір адамға төрт текше метрден аспайды;
ыстық су бір адамға екі текше метрден артық емес;
- 4) тұтынушылар үшін жылумен жабдықтау қызметін тұтыну нормалары бір адамға айына нөл бүтін жиырма бес мың гигакалориядан аспайды;
- 5) тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және шығару (қоқыс шығару) бір адамға алты жүз елу теңгеден артық емес;
- 6) пәтерге бір мың үш жүз теңгеден аспайтын лифтілерге қызмет көрсету;
- 7) телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтері бір абонент үшін бір мың үш жүз тоқсан тоғыз теңгеден аспайды;
- 8) кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстар шаршы метрі үшін алпыс теңгеден аспайды;
- 9) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдау ақысы шаршы метрі үшін жүз жиырма теңгеден аспайды;
- 10) бір адамға шаршы метрдің нормасы бір адамға он сегіз шаршы метр пайдалы алаң, бірақ нақты алып отырған ауданнан аспайды, жалғыз тұратын отыз шаршы метрден аспайды."

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, білім беру, мәдениет пен спортты дамыту, жастар ісі, депутаттық өкілеттіктер, қоғамдық ұйымдармен және бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасына жүктелсін.

3. "Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді алғашқы ресми жарияланғаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихаты аппаратының интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының төрағасы

Е. Жакенов